

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті» Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
«24» желтоқсан 2020 жылғы
шешімімен бекітілді №4 хаттама



**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
АКТИВТЕРІН ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Қызылорда қаласы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамының активтерін иеліктен айыру ережелері (бұдан әрі -Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес әзірленген және «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕ АҚ активтерін беру/өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Активтерді беру/өткізу жүргізіледі алады:

- 1) мемлекеттік меншікке қайтарымсыз негізде беру арқылы;
- 2) мемлекеттік меншікке ақылы негізде беру арқылы;
- 3) бір үлестес тұлғадан екінші үлестес тұлғаға немесе Қоғамға;
- 4) мүліктерді қалдық құн бойынша өткізу;
- 5) мүліктерді аукцион арқылы өткізу.

3. Мүліктерді беру/өткізудің бастамашысы Меншік иесі болып табылады.

4. Активтерді беру/өткізу Меншік иесінің Даму жоспарының құрамдас бөлігі болып табылатын активтерді жыл сайынғы иеліктен айыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Айрықша жағдайларда (мемлекеттік органның өтініші, шұғыл өндірістік қажеттілік) мүліктерді активтерді иеліктен айыру жоспарына енгізбей беруге/өткізуге жол беріледі.

5. Меншік иесіне меншік құқығымен тиесілі, бейінді қызметте пайдаланылмайтын, басы артық және негізгі қызметті жүргізуде қызығушылық туғызбайтын «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕ АҚ мүліктері өткізуге жатады, ол оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына сәйкес иеліктен айыруға құқылы.

6. Осы Ережелерде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) сауда-саттықтың ағылшындық әдісі—бұл ретте бастапқы баға ең жоғары баға ұсынған бір қатысушы қалғанға дейін алдыңғы жарияланған қадамнан бастап жоғарылай береді;

2) мүлік—Меншік иесінің теңгерімінде тұратын, Меншік иесіне меншік құқығымен тиесілі активтер мен мүліктер және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына сәйкес ол иеліктен айыруға құқылы, үшінші тұлғалардың мүліктері;

3) мемлекеттік мүліктердің тізімдеме веб-порталы (бұдан әрі - веб-портал) - интернет-ресурс, оның ұйымдастырушысы Интернет желісінде: www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша орналасқан «Ақпараттық-оқу орталығы» АҚ болып табылады, ол сатушылардың электронды мәліметтер базасына және олармен өткізілетін мемлекеттік меншік, мемлекеттік сыңайлы сектор

Арай

Арай

нысандарына және мемлекеттік емес мүліктерге қол жеткізудің бірегей нүктесін ұсынады;

4) мемлекеттік мұқтаждықтар - мемлекеттің функцияларынан туындайтын және қоғамдық маңызды мақсаттарды ұстанатын мемлекеттік мүдделерді қанағаттандыру үшін жеке меншікте тұрған мүліктердің мемлекет меншігіне ауысуына қажеттіліктің болуы;

5) Қоғам комиссиясы—қайталап өткізуге шығарылатын мүліктердің бағаларын төмендету үшін Қоғам басқармасының, ДК (келісім бойынша) мүшелерімен Меншік иесі қызметкерлері қатарынан (келісім бойынша) Қоғам Төрағасының бұйрығымен құрылатын комиссия;

6) ДК—Директорлар кеңесі.

7) Қоғам — «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

8) жеңімпаз - аукционда мүлікке ең жоғарғы баға ұсынған немесе аукционшы жариялаған бағамен активті сатып алуға келіскен қатысушы;

9) сатып алушы - аукционда ұтқан, Меншік иесімен мүліктерге сату-сатып алу келісім шартын жасаған тұлға;

10) меншік иесі - активтерді немесе мүліктерді иелену құқығы тиесілі тұлға;

11) бастапқы баға—әрбір сату нысаны бойынша сауда-саттық басталатын бастапқы баға, мүліктің бастапқы бағасын бағалаушының қорытындысы немесе мүліктің қалдық бағасы негізінде Меншік иесі анықтайды. Бастапқы баға бағалаушының қорытындысы немесе мүліктің қалдық бағасы негізінде анықталған мүлік құнының максимум мәніне қарай қойылады;

12) қатысушы - аукционға қатысу үшін белгіленген тәртіпте тіркелген заңды немесе жеке тұлға;

13) мүлік бағасы—меншік иесі бекіткен (анықтаған), бағалаушының қорытындысы негізінде алынған баға, не мүліктің теңгерімдік (қалдық) құны;

14) сату бағасы - аукцион нәтижесінде қойылған мүліктің түпкілікті бағасы;

15) бағалаушы—бағалау қызметін жүргізуге лицензиясы бар және міндетті түрде бағалаушылар палатасының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.

7. Меншік иесінің Атқарушы органы жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару, беру/және/немесе өткізуді алдын ала Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында келіседі.

Құны активтердің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті беру және/өткізу туралы шешімді Қоғамның Директорларлар кеңесі қабылдайды.

Мүліктерді мемлекеттік меншікке, тікелей Қоғамға беру, сондай-ақ аукцион арқылы өткізуді келісу үшін мүліктің Меншік иесі Директорлар кеңесіне ұсынады:

Қайыр

Аманжол

1) мүлікті беру және/немесе өткізу қажеттілігінің негіздемесін, оның ішінде өкілетті органның не оның аумақтық органының, не әкімдіктің (мүлікті мемлекеттік меншікке берген жағдайда) хатының көшірмесін, сурет-бейнежазба есепі берумен қоса мүлікті комиссиялық қарау актісін;

2) мүлікті беру және/немесе өткізу туралы Меншік иесінің атқарушы органының шешімі;

3) құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелері;

4) беруге жоспарланған мүліктердің теңгерімдік құны туралы ақпарат пен бағалануы туралы есеп;

5) өкілетті органның не оның аумақтық органының, не әкімдіктің (мүлікті мемлекеттік меншікке берген жағдайда) мүлікті қайтарымсыз қабылдау туралы, неүлестес тұлғаның мүлікті қабылдау туралы келісімі.

8. Қоғам, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Меншік иесінің Жарғысына сәйкес, материалдарды Қоғамның Директорлар кеңесіне келісуге жібереді.

9. Директорлар кеңесі мүліктің Меншік иесінің хатын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылған материалдарды қарап шығып, мүліктің Меншік иесіне келісімді немесе уәжделген бастартуды жолдайды.

10. Осы ережелер мыналарға жүрмейді:

1) Меншік иесінің тұрғын үй қорына кіретін мүліктерді меншіктен айыруға. Меншік иесінің тұрғын үй қорына кіретін мүліктерді меншіктен айыру Қоғамның Директорлар кеңесінің бөлек шешіміне сәйкес жүргізіледі;

2) ғимараттарға берілген жер телімдері мен иеліктен айыратын ғимараттарға қызмет көрсетуге бөлінген жер телімдерінен бөлек, жер пайдаланудың уақытша (ұзақмерзімді, қысқамерзімді) қайтарымды (жалдау) құқығымен тұрған жер телімдерін иеліктен айыруға. Қоғам теңгерімінде тұрған жер телімдерін иеліктен айыру ДҚ-мен келіскеннен кейін ғана, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына сәйкес жүргізіледі;

3) Меншік иесінің жарғылық капиталына қатысу үлесін иеліктен айыруға. Меншік иесінің жарғылық капиталына қатысу үлесін иеліктен айыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына және жарғылық капиталға қатысты іс-әрекеттерді реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі;

4) заңнамалық тәртіппен Меншік иесінің басқаруы шектелген мүліктерін өткізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына сәйкес жүргізіледі.

2. МҮЛІКТЕРДІ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ БЕРУ

11. Меншік иесіне меншік құқығымен тиесілі, бейінді қызметте пайдаланылмайтын, басы артық және Меншік иесінің негізгі қызметін жүргізуде қызығушылық туғызбайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Аманжол

Аманжол

қолданыстағы заңнамалығы мен осы Ережеге сәйкес мемлекеттік қажеттіліктерге алынатын мүлік мемлекет меншігіне берілуге жатады.

2.1. Мүліктерді мемлекет меншігіне қайтарымсыз беру

12. Меншік иесінің мүліктерін мемлекет меншігіне қайтарымсыз беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығы бекіткен тәртіпте және Ереже нормаларына сәйкес жүргізіледі.

2.2. Мүліктерді мемлекет меншігіне қайтарымды беру

13. Егер мүліктің қалдық құны бар болып, оны иеліктен айыру Меншік иесінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне теріс әсер еткен жағдайда мүлікті иеліктен айырудан залалдарды болдырмау үшін Мүліктерді мемлекет меншігіне қайтарымсыз беру Меншік иесімен жүргізіледі.

14. Меншік иесінің атқарушы органы берілетін мүлікті беру мен өткізу бағасын ДҚ-мен келіседі.

15. Мүліктерді өткізу бағасы бағалаушының қорытындысымен не мүліктің қалдық құнымен анықталған мүлік құнының максимум мәніне қарай қойылады.

16. Мүлікті бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

17. Берілетін мүліктің бағасын ДҚ-мен бекіткеннен кейін Меншік иесінің Атқарушы органы берілетін мүліктің бағасы туралы ұсынысты мемлекеттік мүліктерді басқару жөніндегі өкілетті органға не оның аумақтық органына, не әкімдікке жолдайды.

18. Мүліктің Меншік иесі мүлік бағасын өкілетті орган не оның аумақтық органы, не әкімдікпен келіскеннен кейін мүліктің Меншік иесі мен мүлікті алушы жақтың арасында сату-сатып алу келісім шарты жасалады және мүлікке алыс-беріс актісі (табыстау актісі) жасалады.

19. Мүлікті сату-сатып алу келісім шарты мен мүліктің алыс-беріс актісі (табыстау актісі) үш данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, сату-сатып алу келісім шарты мен мүліктің алыс-беріс актісіне (табыстау актісіне) қатысқан әр тарапқа бір данадан және үшінші данасы тіркеуші органға беріледі.

20. Мүлікті беруді тіркеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына сәйкес жүргізіледі.

3. МҮЛІКТЕРДІ ҚОҒАМҒА БЕРУ

21. Меншік иесіне меншік құқығымен тиесілі, бейінді қызметте пайдаланылмайтын, басы артық және Меншік иесінің негізгі қызметін жүргізуде қызығушылық туғызбайтын мүлік Қоғам меншігіне берілуге жатады.

22. Мүлікті Қоғам меншігіне беру туралы шешімді осы Ережелердің нормаларына сәйкес, берілетін мүліктің Меншік иесінің атқарушы органы қабылдайды.

З.А.Т.Т.

Ә.А.А.

23. Мүлік теңгерімдік құны бойынша құнын төлеп алу арқылы не Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жарғылық капиталды азайту және ұлғайту арқылы беріле алады.

24. Мүлік теңгерімдік құны және/немесе алыс-беріс актісі бойынша мүлікті сату-сатып алу келісім шарты негізінде беріледі. Мүлікті теңгерімдік құны және/немесе алыс-беріс актісі бойынша сату-сатып алу келісім шарты үш данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, сату-сатып алу келісім шарты мен мүліктің алыс-беріс актісіне (табыстау актісіне) қатысқан әр тарапқа бір данадан және үшінші данасы тіркеуші органға беріледі.

25. Үлестес тұлғалардан сатып алынған активті немесе мүлікті әрі қарай есепке алу ҚЕХС (МСФО) стандарттары мен нормаларына сәйкес жүргізіледі.

26. Мүлікті беруді тіркеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4. МҮЛІКТІ АУКЦИОН АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ

4.1. Аукцион өткізуге дайындық

27. Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында, мүлікті өткізу веб-портал аукционы арқылы жүргізіледі, оның ұйымдастырушысы «Ақпараттық-оқу орталығы» АҚ болып табылады.

28. Меншік иесі өткізілетін мүліктің тәуелсіз бағасын міндетті түрде алдын ала шығарып, дайындалған бағаны ДК-мен келіседі. Мүлікті бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

29. Бағалау құны 50 (елу) және одан көп айлық есептік көрсеткішті құрайтын мүлік аукцион арқылы өткізуге жатады.

30. Бағалау құны 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аз мүлік осы Ережелердің 46 тармағында көрсетілген қағидаларға сәйкес өткізіледі.

31. Мүлікті аукционға шығару, аукцион өткізу шарттары мен мерзімдері, бастапқы бағаны қою, қайталама және келесі аукциондарды өткізу туралы шешімді Меншік иесінің атқарушы органы хабарландыру орналастырылғанға дейін, 15 (он бес) жұмыс күні бұрын алдын ала ДК-мен келіскеннен соң қабылдайды.

32. Аукцион өткізуге дайындық веб-портал талаптарына және шарттарына сәйкес жүргізіледі.

33. Аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама (хабарландыру) қосымша республикалық (міндетті) және жергілікті мерзімді баспасөзде және Қоғамның және/немесе Меншік иесінің корпоративтік веб-сайтында аукцион өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын жариялануы тиіс.

Аукцион өткізілмеген деп танылған жағдайда, қайталап аукцион өткізу және тиісті ақпараттық хабарлама аукцион өтетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жарияланады.

Әр келесі сауда-саттық әр жиырма жұмыс күнінен кейін жүргізіледі.

34. Аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламада (хабарландыруда) болуы тиіс:

- 1) веб-порталатауы, аукцион өткізу күні мен уақыты;
- 2) сауда-саттық түрі, нысаны мен әдісі;
- 3) аукционға шығарылатын мүлік атауы;
- 4) мүліктің жағдайы;
- 5) сатуға шығарылған мүліктің бастапқы бағасы;
- 6) кепіл жарна мөлшері және оны аударуға арналған банк реквизиттері;
- 7) мәлімдемелер қабылдау орны мен мерзімі;
- 8) сауда-саттық өткізу тәртібі, оның ішінде сауда-саттыққа қатысуды рәсімдеу, сауда-саттық жеңімпазын анықтау шарттары туралы;
- 9) Меншік иесінің телефондары мен тұрғылықты орны;
- 10) Меншік иесінің шешімі бойынша қосымша ақпараттар.

35. Ақпараттық хабарлама веб-портал мен БАҚ-та жарияланғаннан кейін, өткізілетін мүлікті көзбен көру үшін Меншік иесі барлық ниет білдірушілерге еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

4.2. Кепіл жарна

36. Кепілдік жарна сомасы, сондай-ақ енгізу және қайтару шарттары веб-порталмен анықталады.

4.3. Аукцион өткізу

37. Аукцион тек сауда-саттықтың ағылшын тәсілімен өткізіледі, айрықша жағдайларда - голландиялық тәсілмен.

38. Аукцион нәтижелері веб-порталдың талаптарына сәйкес хаттамамен рәсімделеді.

39. Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижесін және жеңімпаз бен Меншік иесінің аукцион барысында белгіленген баға бойынша мүлікті сату-сатып алу келісім шартын жасау міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

40. Егер мүлік бірінші аукционда сатылмаса, ол екінші аукционға қойылады.

4.4. Келісім шарт жасау

41. Аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпаз бен Меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес сату-сатып алу келісім шартын жасайды.

42. Жеңімпаз бен Меншік иесі арасындағы сату-сатып алу келісім шарты жазбаша түрде жасалады, онда келісім шарт жасауға негіздеме ретінде аукцион нәтижелері туралы хаттамаға сілтеме жасалады, хаттамада келісім шарт нысаны, тараптардың құқықтары мен міндеттері, мүліктің құны, төлем жасау түрі, мерзімі және келісім шарттың басқа да елеулі шарттары көрсетіледі.

З.Валиев

А.С.С.

43. Егер Меншік иесі мен жеңімпаз арасында басқаша келісілмесе, Жеңімпаз мүлікті сату-сатып алу келісім шартының жобасын Меншік иесінен алғаннан кейін оған қол қоюға немесе келісім шартқа қол қоюдан бастарту туралы Меншік иесіне осы Ережелердің 42 тармағында көзделген мерзім шегінде жазбаша хабарлауға міндетті.

44. Егер жеңімпаз осы Ережелердің 42 тармағында көзделген мерзімде сату-сатып алу келісім шартына қол қоймаса, онда оның аукционда сатып алған мүлкі қайтадан веб-портал арқылы сатуға шығарылады, ал жеңімпаз енгізген кепіл жарна қайтарылмайды.

4.5. Мүлікті өткізудің басқа да жағдайлары

45. Егер мүлік мемлекет меншігіне, еншілес ұйымдарға беруге жатпайтын болса, сондай-ақ екі рет өткізілген аукцион қорытындысы бойынша өткізілмесе, Меншік иесі оны осы мүлікті меншікке сатып алуға ниет білдірген, Меншік иесі қызметкерлерінің мүлікті сатып алуға артықшылық құқығымен, кез келген (өз қалауы арқылы) тұлғаға өткізуге құқылы.

Бұл ретте Меншік иесі бағалаушының қорытындысымен не мүліктің қалдық құнымен анықталған құнының максимум мәнінен анықталған бағамен мүлікті өткізуі тиіс.

46. Егер мүлік жоғарыда көрсетілген тәсілдермен өткізілмесе, ол Қоғам комиссиясымен анықталған төмендетілген бағамен қайталап аукционға қойылады.

47. Мүлік бағасы төмендетілгеннен кейін өткізілген қайталама аукцион қортындылары бойынша сатып алушы болмаса, Меншік иесі оны осы мүлікті меншікке сатып алуға ниет білдірген, Меншік иесі қызметкерлерінің мүлікті сатып алуға артықшылық құқығымен, кез келген (өз қалауы арқылы) тұлғаға өткізуге құқылы.

48. Егер мүлік бағасы төмендетілгеннен кейін өткізілмесе, комиссия мүлікті өткізу бағасын қайтадан төмендетеді де өткізу процедурасы жоғарыда көрсетілген схема бойынша қайталанады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

49. Мүлікті өткізгеннен түскен кірістер, тек қана, ең бірінші Меншік иесінің материалдық-техникалық базасын дамытуға және мүлікті өткізу бойынша процедуралар жүргізуге қатысты шығыстарды (бағалау, хабарландыру және т.с.с.) жабуға, екінші кезекте, лизинг/ кредит бойынша мерзімі өткен міндеттемелерді өтеуге жіберіледі. Мүлікті сатудан түскен қаражаттарды жұмсағаннан кейін Меншік иесі көрсетілген қаражаттарды мақсатты пайдалану жөнінде ДҚ-не есеп береді.

50. Меншік иесі мүлікті толық бергеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде Қоғаммен ДҚ-не мүлікті беру/өткізу туралы толық есепті жібереді, онда мүліктің толық атауы, негізгі сипаттамалары мен құны және мүліктің жаңа меншік иесінің толық атауы көрсетіледі.

Қарағанды

Ақсесіл

51. Осы Ережелер және оның барлық өзгертулері мен толықтырулары Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

52. Осы Ережелердің нормаларын қадағаламау елеулі бұзушылық болып саналады және басшының тәртіптік жауапкершілікке тартылуына әкеледі.

53. Егер, Қазақстан Республикасы заңнамалығы немесе Қоғам Жарғысы өзгеруі нәтижесінде осы Ережелердің жекелеген нормалары көрсетілген өзгертулерге қайшы келсе, бұл Ережелер күшін жояды және осы Ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамалығы нормаларын, Жарғыны және осы Ережелердің қолданыстағы заңнамалыққа қайшы келмейтін жағын басшылыққа алады.

54. Осы Ережелер Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Стратегиялық даму және
қаржы жөніндегі проректор



Уразбаев Н.Ж.

Бас есепші



Рабатова Н.Қ.